ALMATY URBAN FEST 2022

| ДЛЯ УЧАСТНИКОВ СТАРШЕ 18 ЛЕТ | |
|---|---|
| **Русский** | **Казахский** |
| **РАСПИСКА** | **ҚОЛХАТ** |
| Я, ______________________________<br>(ФИО), ИИН _______________________ | Мен, ___________________________<br>(ТАӘ), ЖСН _______________________ |
| Настоящим подтверждаю, что для участия **«____»__________ 2022 года в городе Алматы** в Соревновании «**Almaty Urban Fest 2022**», включая отборочные туры и финал, (далее все вместе - Соревнование) в дисциплине __________ прошел(а) медицинское освидетельствование у врача и не имею противопоказаний к участию в Соревновании. | Осымен **2022 жылғы «____»____________ Алматы қаласында** іріктеу турлары мен финалды қоса алғанда, **«Almaty Urban Fest 2022»** Жарысына (әрі қарай барлығы бірге – Жарыс) қатысу үшін ______________________________ спорт түрінен дәрігердің медициналық куәландыруынан өткенімді және Жарысқа қатысуға қарсы көрсетімдерім жоқ екенін растаймын. |
| Я осознаю, что в результате моего участия в данном Соревновании могут наступить неблагоприятные последствия для моего здоровья, ответственность за собственную безопасность и здоровье несу самостоятельно. В случае несчастного случая во время Соревнования, получения травмы или получения физического ущерба, вне зависимости от причин их нанесения, я добровольно и заведомо отказываюсь от каких-либо материальных и иных претензий и требований к Организаторам Соревнования и/или третьим лицам, действующим от имени и в интересах Организаторов. | Мен осы Жарысқа қатысуымның нәтижесінде денсаулығым үшін жағымсыз салдар туындауы мүмкін екенін түсінемін, өз қауіпсіздігім мен денсаулығыма өзім жауап беремін. Жарыс кезінде жазатайым оқиға, жарақат немесе дене жарақатын алған жағдайда, олардың себептеріне қарамастан, мен Жарыс Ұйымдастырушыларына және/немесе Ұйымдастырушылардың атынан және олардың мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғаларға қатысты қандай да бір материалдық және өзге де наразылықтар мен талаптардан өз еркімен және алдын ала бас тартамын. |
| Данный отказ от претензий распространяется на моих родственников, наследников и опекунов/попечителей и любых иных представителей. | Осы Наразылықтан бас тартуым менің туыстарыма, мұрагерлеріме және қамқоршыларыма және кез келген басқа өкілдеріме таралады. |
| Я подтверждаю свое согласие с тем, что в случае обнаружения у меня и/или представителей моего близкого контактного окружения симптомов и/или признаков заболевания Covid-19, либо в случае получения мной положительного результата анализов на данный вирус, а также получения положительного результата анализов на данный вирус представителями моего близкого контактного окружения, я обязуюсь отказаться от участия в Соревновании. | Менде және/немесе менімен жақын байланыстағы орта өкілдерінде Covid-19 ауруының симптомдары және/немесе белгілері байқалса немесе менің осы вирусқа тапсырған талдауымның нәтижесі оң болып шықса, сондай-ақ менімен жақын байланыстағы орта өкілдерінің осы вирусқа тапсырған талдауларының нәтижесі оң болып шықса, мен Жарысқа қатысудан бас тартуға міндетті екеніме келісетінімді растаймын. |
| Я обязуюсь соблюдать меры, предпринимаемые Организатором для недопущения распространения коронавирусной инфекции. | Мен Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу үшін Ұйымдастырушы қабылдаған шараларды сақтауға міндеттенемін. |
| Я обязуюсь пройти проверку своего статуса в приложении «ASHYQ» в стартовом городке Соревнования (при необходимости). | Мен Жарыс басталатын қалашықтағы «ASHYQ» қолданбасында өз статусымды тексеруден өтуге міндеттенемін (қажеті болса). |
| Я полностью осознаю и согласен, что | Мен Ұйымдастырушылар және/немесе Ұйымдастырушылар атынан және олардың |

Организаторы и/или третьи лица, действующие от имени и в интересах Организаторов, не несут ответственность за:

- за последствия моего участия в Соревновании;
- за несоответствие Соревнования и/или призового фонда моим ожиданиям;
- за неправильное мое понимание условий Соревнования.

В соответствии со статьей 145 Гражданского кодекса Республики Казахстан и в целях популяризации спорта, настоящим предоставляю свое согласие Организаторам Соревнования и/или третьим лицам, действующим от имени и в интересах Организаторов Соревнования, на осуществление видео и фотосъемки моего изображения (фотография и/или видеоролик) / моего участия в Соревновании «Almaty Urban Fest 2022», а также предоставляю согласие на опубликование, воспроизведение и распространение, использование моего изображения любыми способами и любыми средствами без ограничения по сроку и по территории использования. Настоящее согласие предоставляю на безвозмездной основе.

На момент подписания настоящей Расписки гарантирую, что нахожусь в здравом уме, не имею каких-либо болезней, которые могут стать причиной причинения вреда моему здоровью при участии в Соревновании.

Я безоговорочно даю свое согласие Организаторам и/или третьим лицам, действующим от имени и в интересах Организаторов, на сбор, обработку, хранение, использование, распространение и трансграничную передачу персональных данных в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите». Данное согласие на обработку, хранение, использование, распространение, трансграничную передачу персональных данных действует в течение всего срока проведения Соревнования и ___ (________) года после его окончания.

Я полностью осознаю, что Организаторы Соревнования и/или третьи лица, действующие от имени и в интересах Организаторов, не несут какой-либо ответственности за меня за все время моего участия в Соревновании.

Я полностью ознакомлен(а) с Положением и Регламентом Соревнования, и осознаю, что при их нарушении могу быть дисквалифицирован(а).

Я полностью осознаю и согласен, что Организаторы и/или третьи лица, действующие от

мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғалар:

- менің Жарысқа қатысуымның салдары үшін;
- Жарыс және/немесе жүлде қоры менің күткеніме сәйкес келмегені үшін;
- Жарыс шарттарын дұрыс түсінбегенім үшін

жауапкершілік тартпайтынын толық түсінемін және келісемін.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес және спортты көпшілікке тарату мақсатында осымен Жарыс Ұйымдастырушыларына және/немесе Жарыс Ұйымдастырушылары атынан және олардың мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғаларға менің бейнемді (фотосурет және/немесе бейнеролик) / менің «Almaty Urban Fest 2022» Жарысына қатысуымды бейне және фотоға түсіруге келісімімді беремін, сондай-ақ менің бейнемді мерзімі мен аумағы бойынша шектелмеген кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен жариялауға, шығаруға және таратуға, пайдалануға келісім беремін. Осы Келісімді тегін негізде беремін.

Осы Қолхатқа қол қойған мезетте ақыл-ойым дұрыс екеніне, Жарысқа қатысқан кезде денсаулығыма зиян келтіруі мүмкін қандай да бір ауруларым жоқ екеніне кепілдік беремін.

Мен «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, таратуға және трансшекаралық беруге Ұйымдастырушылар атынан және олардың мүддесі үшін әрекет ететін Ұйымдастырушыларға және/немесе үшінші тұлғаларға сөзсіз келісім беремін. Жеке деректерді өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, таратуға, трансшекаралық беруге қатысты осы келісім Жарысты өткізудің бүкіл мерзімінде және ол біткеннен кейін ___ (________) жыл күшінде болады.

Мен Жарыс Ұйымдастырушылары және/немесе Ұйымдастырушылар атынан және олардың мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғалар Жарысқа қатысқан барлық уақыт ішінде мен үшін қандай да бір жауапкершілік тартпайтынын толық түсінемін.

Мен Жарыстың Ережесімен және Регламентімен толық таныстым және оларды бұзған жағдайда шеттетілетінімді түсінемін.

Мен Ұйымдастырушылар және/немесе

имени и в интересах Организаторов, имеют безусловное право в любой момент единолично изменять (включая, но не ограничиваясь, даты и условия проведения Соревнования) либо прекратить Соревнование, как полностью так и частично, без объяснений причин и выплаты каких-либо компенсаций.

Я полностью согласен/на в случае нарушения либо ненадлежащего исполнения любого из условий Положения и/или Регламента Соревнования либо заверений настоящей Расписки возместить Организаторам все понесенные последними убытки, возникшие по моей вине.

Настоящим подтверждаю, что Расписка написана не под влиянием обмана, насилия либо угрозы, а также не совершаю настоящее заверение вследствие стечения тяжелых обстоятельств на крайне невыгодных для себя условиях.

При подписании настоящей Расписки я подтверждаю, что в дееспособности не ограничен/на, не нахожусь в состоянии наркотического, токсического, алкогольного опьянения, по состоянию здоровья могу осуществлять свои права и исполнять обязанности, не страдаю заболеваниями, могущими препятствовать осознанию сути настоящей Расписки. Текст настоящей Расписки прочитан мною полностью и соответствует моему действительному волеизъявлению. Русским языком владею свободно, в переводчике не нуждаюсь. Смысл, значение, правовые последствия совершаемого действия полностью осознаю.

______/__________/____________________
(Дата) (Подпись) (фио)

Ұйымдастырушылар атынан және олардың мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғалар себептерді түсіндірмей және қандай да бір өтемақыны төлемей, толық және ішінара кез келген сәтте Жарысты жеке-дара өзгертуге (Жарыстың өткізілетін күні мен шарттарын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) тоқтатуға сөзсіз құқылы екенін толық түсінемін және келісемін.

Мен Жарыс Ережесінің және/немесе Регламентінің кез келген шарттарын немесе осы Қолхаттың растамасын бұзған не тиісінше орындамаған жағдайда Ұйымдастырушыларға менің кінәмнен туындаған барлық шығындарды өтеуге толық келісемін.

Осымен Қолхат алдау, зорлық-зомбылық немесе қорқыту ықпалымен жазылмағанын, сондай-ақ бұл сөзім ауыр жағдайдың салдарынан өзім үшін өте тиімсіз шарттарда жасалып жатпағанын растаймын.

Осы Қолхатқа қол қойғанда мен әрекетке қабілетімнің шектелмегенін, есірткілік, уыттық, алкогольдік масаю күйінде еместігімді, денсаулығымның жағдайы өз құқығымды жүзеге асыруға және міндеттерімді орындауға мүмкіндік беретінін, осы Қолхаттың мәнін түсінуге кедергі келтіретін аурулардан зардап шекпейтінімді растаймын. Осы Қолхаттың мәтінін мен толық оқып шықтым және ол өз еркіме шынымен сәйкес келеді. Қазақ тілін еркін білемін, аудармашыны керек етпеймін. Жасалатын әрекеттің мағынасын, мәнін, құқықтық салдарын толық түсінемін.

______/______/____________________
(Күні) (Қолы) (ТАӘ)